

Н. Құрақбаев, 2-курс

Ғылыми жетекші — Р. Б. Калиярова, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

АФФЕКТ ЖАҒДАЙЫНДА АДАМ ӨЛТІРУДІҢ АЛДЫН АЛУ

Қылмыстық статистика соңғы 2—3 жылда еліміздің аумағында қылмыстылықтың күрт өсуін байқатады: 2003 жылы 139 431 қылмыс; 2004 — 142 100; 2005 — 150 790; 2006 — 165 401; 2007 — 128 064; 2008 — 127 478; 2009 — 121 667; 2010 — 131 896; 2011 — 206 801; 2012 — 287 681 (39,1 %); 2013 — 359 844 (25,1 %), 2014 — 341 291 (-5,2 %) тіркелген. Қылмыстылық көрсеткіштерінің негізгі тренді өсуді аңғартады. Соңғы жылы сәл төмендеуі одан бұрынғы қарқынды өсулерді жаба алмайды. Статистикалық талдауларға жүгінсек, Қазақстан әлі де болса зорлықшыл қылмыстардың индексі жоғары елдердің қатарында орын алады. Ал зорлықшыл қылмыстардың ішінде аффект жағдайында адам өлтіру қылмысының да біршама үлесі бар.

Т. В. Сысоеваның зертеуінше, аффект жағдайында жасалған адам өлтірудің көпшілігі отбасылық-тұрмыстық ахуалда болады. Жәбірленушілердің көпшілігі жұбайлар және азаматтық некедегілер (65 %), туыстардың үлес салмағы аздау (25,5 %). Адам өлтірудің бұл түрі жанама да, тікелей де қасақаналықпен жасалуы мүмкін. Ал басым мотиві кек алу мен қызғаныш болып келеді¹.

Аффект жағдайында жасалатын қасақана кісі өлтірудің алдын алу бірқатар қиындықтар туғызады. Олар біріншіден қылмыскердің, оның әрекетін басқаруға көндірмейтін, эмоциялық жағдайының әдеттен тыс болуы; екіншіден, қарастырылып отырған қылмыс түрі ойда жоқ және «кездейсоқ» сипатқа ие, ситуациялық болып табылуымен байланысты. Алайда адамның психикасына тұтас әсер етпей, оның эмоциясына ғана әсер ету мүмкін емес. Аффект терең ой жұмысынан қорқады, қалыптасқан жағдайды және оның туындаған қажеттігін, сезімі және зауқын сезіну едәуір жоғары болса, психиканың теріс тонусын төмендетуге, өз эмоцияларын және олардың сыртқы ортадағы көрінісін басқаруға мүмкіндік береді. Аффект жағдайында осыған қол жеткізу үшін шамадан тыс үздіксіз өсуші эмоцияны басынан кешуші жүйке жүйесіне дереу демалысты қамтамасыз ету қажет.

Аффект жағдайында жасалатын қылмысты жалпы алдын алуда, сол қылмыстарды жасауға әкелетін жақын себептерді жою ғана емес, сондай-ақ сол себептердің әсеріне бейімделетін адамдарды тәрбиелеу және тіршілік әрекеті процесінде қоғамға пайдалы сапаны қалыптастыру, мінез-құлықтың эмоционалды жақтарына мақсатты түрде әсер ету, анархисті-агрессивті әдеттерді жою үшін батыл күрес және т. б. маңызды. Сондай-ақ адамды кішкентай жасынан бастап тек тәртіп (мінез-құлық) мәдениетіне ғана емес, эмоция мәдениетіне де тәрбиелеу маңызды. Өртүрлі дау-дамай жағдайларында өз ой-пікірлерін күшті эмоциясыз байсалды түрде жақтау тәсіліне үйрету қажет. Тәрбие жаттығуына антистрестік, қорғаныс механизмдері де кіреді. Ешкімде жеке сәтсіздік пен қайғылы жағдайлардан сақтандырылмаған. Алайда, егер адамды Адам қылып тәрбиелесе, ол бар өмірінде тек өзі үшін күресетін болады. Өнегелік тәрбиелеу адам қатынастарының тек үлгілі ғана емес, теріс жақтарында сезініп, эмоционалды бағалаудан қалыптасады.

«Ауыру», «қуаныш», «қайғы», «қасырет» сөздері мәнге толығы үшін, оның бәрін бастан өткізу керек, тірі және құштарлық сезіммен ұғыну, эмоционалды тәжірибе жинақтау керекⁱⁱ.

Алдын алу жұмыстары құқықтық насихат және құқықтық мәдениетті тәрбиелеумен тікелей байланысты. Өйткені құқықтық мәдениет өнегелі және құқықтық тәрбиенің бөлігі болып табылады. Құқықтық насихаттың алдын алушылық тиімділігін арттыру мақсатында көп көңілді тек заңды білуге ғана аудармау керек, сондай-ақ азаматтарға, талаптарды қадағалау әр адамның жеке қажеттілігіне айналатындай, өнегелі қасиеттерді дарытуға тырысу қажет.

Дағыстандық зерттеуші Ш. Р. Раджабов те аталмыш қылмыс үшін жазаны қатайтуды негіздейді. Бұл зерттеуші тау хылықтарында сақталып отырған қанды кек салтына күресті күшейтуді, құқық қолдану тәжірибесінде өлтірем деп не денсаулыққа ауыр зиян келтіремін қорқыту жөніндегі бапты жиі қолдану қажеттігін дәйектейді. Сонымен бірге осы қылмыстардың алдын алу үшін ауылдық қауымдардың, рухани-діни құрылымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мақсатты жұмыс жасауына қол жеткізу қажет деп санайдыⁱⁱⁱ.

Бұл ұсыныстар Қазақстан жағдайы үшін әлі де зерттеуді қажет етеді. Алайда, аталған авторлардың ұсыныстарының біршама негізділігін атап кеткен жөн. Қоғамдағы жанжалшыл адамдарға «нөлдік» тағаттылық таныта білу де маңызды. Егер шатақшыл адамдардың ығына бағып, олардың айтқанына көне берсе, ол адамдар күндердің күнінде әйтеуір бір келеңсіз ауыр жағдайға соқтыруы мүмкін. Сондықтан әуел бастан принциптік танытып, болмашы жанжалдардың өзін қатаң түрде тыйып тастау, қоғам тарапынан әділ баға беру қажет. Сонда жанжалға үйір адамдар аяқтарын аңдап басатын болады.

Осы тұрғыдан ерте бастан, тіпті бала бақшадан, мектептерден бастап түрлі тренингтер өткізу, оқушылар мен ата-аналарды жанжалтанымдық білімдермен таныстыру үрдісі қалыптасқаны жөн. Бұл тұрғыдан адамдарға мамандығына қарамай психологиялық, мәдениеттанымдық білім беру де өте қажетті.

ⁱ Сысоева Т. В. Убийство, совершенное в состоянии аффекта (уголовно-правовые и виктимологические аспекты): Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Екатеринбург, 2000.

ⁱⁱ Сидоров Б. В. Аффект, его уголовно-правовое и криминологическое значение. — Казан, 1978.

ⁱⁱⁱ Раджабов Ш. Р. Уголовно-правовой и криминологический анализ убийств, совершенных в состоянии аффекта: По материалам Республики Дагестан: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Махачкала, 2003.